Білім беру мен ғылымды дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасына сәйкес

«Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын «Тобанияз атындағы ЖББМ»КММ

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын атқарылатын іс-шаралар жоспары

Парламент мақсаты:

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Парламент міндеттері:

1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;

2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;

3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;

4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;

5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу,

6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;

7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;

8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.

9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

«Бекітемін»
ДТІЖО :
_____Ә.Аманбаева
“_05_” ___09___2024 ж

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ
1. БІЛІМ , ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауапты-лар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	«ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ	1.Парламенттің жобалау кеңсесін құру 2.Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту.	01-15.09.2024 ж	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-11 сыныптар
2		Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау.	15-22.09.2024 ж	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер	1-11 сынып білім алушылары
3		ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепішілік Ережемен таныстыру	24.09. 2024 ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы	1-11 сынып білім алушылары
4		Мектепішілік /мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд	Айына бір рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сынып білім алушылары
5		Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	Тоқсанына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сынып білім алушылары

Мектеп тәлімгері: Асылбекова Алмаш

ҚАЗАН АЙЫ
2. АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ (МЕКТЕПТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ)

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	«ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ» ЖОБАСЫ	Ақпараттық бұрыш жасау. «Оқулықты күтіп ұста» радиолинейкасы.	04-08.10.2024ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сыныптар
2		Парламент отырысын өткізу	Айына 1 рет	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер	1-11 сынып білім алушылары
		«Үздік оқушы»,«Жас спортшы» «Мектеп белсенділері» «Өнерлі оқушы», «Қамқор оқушы» жарнамаларын жасау	Аптасына1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-7 сынып білім алушылары
		«Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-4 сынып білім алушылары
		«Мектеп NEWS» апталық жаңалықтарды жариялау. Газет-журнал беттеріне мақала жазу	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-11 сынып білім алушылары

ҚАРАША АЙЫ

3. СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	«МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫН!» ЖОБАСЫ	«Денсаулық – сенің байлығың» акциясы «Денсаулық-бұл спорт» стендін безендіру	08-12.11.2024 ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сынып білім алушылары
2		«Мектеп Лигасы» спорттық іс-шаралар	Айына 1 рет	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар
3		«Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» ток-шоу	15-19.11.20224ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-11 сынып білім алушылары
4		Медицина мамандарымен кездесу ұйымдастыру	Тоқсанына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер Медбике	5-11 сынып білім алушылары
5		«Таза мектеп – таза сынып» акциясы	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сынып білім алушылары

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ
4. ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1		«Жан қазынасы – адамгершілік негізі» ток-шоу	02-03.12. 2024ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер	8-11 сынып білім алушылары
2		«Әдеп – ең қымбат мирас» дөңгелек үстел	06-10.12. 2024ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер	5-7 сыныптар
3		«Мен ерекше баламын» байқауы	13-15.12. 2024ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-4 сынып білім алушылары
4		«Мейірім толы жүрек» акциясы	20-24.12. 2024ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сынып білім алушылары
5	«СҮЙІСПЕН-ШІЛІК - ЖҮРЕКТЕН» ЖОБАСЫ	Тәуелсіздіктің 3[illegible] жылдығына орай «3[illegible] үздік көшбасшы» марапаттау	15.12. 2024ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-11 сынып білім алушылары

КАҢТАР АЙЫ
5.ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ

Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
«ЕРІКТІЛЕР» ЖОБАСЫ	«Асар» челлендж	04-08.01.2025ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог	8-11 сынып білім алушылары
	«Жомарт жүрек» акциясы	10-15.01.2025ж.	Фракция мүшелері	Әлеуметтік педагог	5-11 сыныптар
	«Ағаның іниге қамқорлығы» видеоролик сайысы	17-21.01.2025ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-7 сынып білім алушылары
	«Қайырымдылық - қайырлы іс» іс-шара	24-28.01.2025ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-10 сынып білім алушылары
«АЯЛЫ АЛАҚАН» ЖОБАСЫ	«Асар» челлендж	04-08.01.2025ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог	8-11 сынып білім алушылары

НАУРЫЗ АЙЫ

ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас	04.03.2025ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	7-сынып білім алушылары
2		«Білім артық па, байлық артық па?» дебат	10.03.2025ж.	Фракция мүшелері		8-9 сыныптар
3		«Әлемде мейірімділік бар ма?» пікірталас	14.03. 2025ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-6 сынып білім алушылары
4		«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»	15.03.2025ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер	10-11 сынып білім алушылары

СӘУІР АЙЫ

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық кызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	«ЭКО START» ЖОБАСЫ	«Табиғат тамашалары» суреттер байқауы	06-07.04.2025ж.	Фракция мүшелері	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Сынып жетекшілер	7-сынып білім алушылары
2		Ұлы тұлғаларға арналған поэзия	11-15.04.2025ж.	Фракция мүшелері	Педагог-психологтар ұйымдастырушы педагогтер	8-9 сыныптар
3		«Менің ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы	18-22.04.2025ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер	5-6 сынып білім алушылары
4		«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» қолөнер көрмесі	25-26.04.2025ж.	Фракция мүшелері	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер	10-11 сынып білім алушылары

АҚПАН АЙЫ

8. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР (музыкалық, көркем шығармашылық) ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық кызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	«ӨНЕРЛІ ӨРЕН» ЖОБАСЫ	«BALA DAUYSY» байқауы	01-04.02.2025ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	1-4 сынып білім алушылары
2		«ЖҰЛДЫЗДЫ START» байқауы	07-11.02.2025ж.	Фракция мүшелері		5-10 сыныптар
4		«Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақ	14-18.02.2025ж.	Фракция мүшелері	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер	5-7 сынып білім алушылары
5		Мәдениет өнер қызметкерлерімен кездесу өткізу	21-25.02.2025ж.	Фракция мүшелері	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер	8-11 сынып білім алушылары

МАМЫР АЙЫ

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президенті мен мектеп премьер министрінің жоспары

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Мекеме атауы	Жауаптылар
1.	Мектеп парламентінің педагогтарымен бірлесіп жұмыс жүргізу	Мамыр	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ	ДТІЖО, пед.ұйымдастырушы
2.	Мектеп парламентінің мектепішілік оқу-тәрбие процесінің ұйымдастыруына қатысу	Мерзімінде	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ	ДТІЖО, пед.ұйымдастырушы
3.	«Мектеп парламенті» мектепішілік алқалы органдарының жұмысына қатысу	Мерзімінде	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ	ДТІЖО, пед.ұйымдастырушы, тәлімгер
4.	«Мектеп парламенті» мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарымен байланысты жүзеге асыру	Мерзімінде	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ	ДТІЖО, пед.ұйымдастырушы тәлімгер
5.	Мектеп парламенттерінің көшбасшыларының мектепішілік, аудандық, облыстық слетін өткізу	Мерзімінде	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ	ДТІЖО, пед.ұйымдастырушы
6.	Парламент туралы толық ақпарат мектеп сайттарына және әлеуметтік желілерге орналастыру	Мерзімінде	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ	ДТІЖО, тәлімгер

Өзін-өзі басқару тобының отырыстары

1. Отырыс (Қыркүйек)

   1.1 «Өзін-өзі басқару» тобының топ мүшелерін сайлау;
   1.2 «Өзін-өзі басқару» тобының жұмыс жоспарын бекіту.

2. Отырыс (Қаңтар)

   2.1 «Өзін-өзі басқару» тобының топ мүшелерінің 1-жарты жылдық жұмыс қорытындысы.

3. Отырыс (Наурыз)

   3.1 Наурыз айындағы іс-шаралардың жұмыс есебі
   3.2 Сынып аралық тазалық секторының жұмыс есебі.

4. Отырыс (Мамыр)

   4.1 «Өзін-өзі басқару» тобының топ басшысының жылдық есебі

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты:

— қарым-қатынасты ізгіліктендіру;

— ұжым өмірін жариялылыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау

Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің өзектілігі:

— оқушылар әрекетінің еріктілігі, жариялылығы, тең құқылығы;

— жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға бағыттау;

— өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу;

— ұйымның өзге мүшелерінің пікіріне құлақ аса отырып ой бөлісу, өзгелер пікірін құрметтеуге төселдіру.

Оқушылардың өзін-өзі басқарудың принциптері:

— мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі;

— оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жауапкершілігі;

— оқушылардың өзін-өзі басқаруда өкілеттілігін тағайындау;

— оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерін пайдалану;

— оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының оңашаландырылуы және жалпыға бірдей тапсырыстарды жүзеге асырудағы тығыз байланыстылығы.

--- Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепішілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді.

Ақпарлама

19.09 күні Тобанияз мектебінің "Өзін-өзі басқару" ұйымының оқу жылы басындағы жиналысы өтті. Жиналыс мақсаты: Жыл бойы өткізілетін іс-шаралардың жоспарын құру,фракция мүшелерінің міндеттерін айқындап, жұмыла жұмыс жасау.

Қыркүйек айында "Өзін-өзі басқару ұйымы" сыныптар арасында мектеп парламентінің атқаратын жұмыстар тізбегін таныстырып өтті. Сонымен қатар, әр апта сайын тазалық тексерісі,оқулық тазалығы, оқушылардың мектеп формасын сақтауын қадағалау,сабаққа кешікпей келуі секілді тексеріс жұмыстарын жүргізіп отыр.

https://www.facebook.com/share/v/14KvzREZh5B/

Ақпарлама

«Тобанияз ЖББМ» КММ-де 4.10.24 күні «Қалдырған ізің мәңгілік...!» атты ұстаздар күніне арналған танымдық шара өтті. Шараның негізгі мақсаты: мектебімізде ұстаздық қызмет атқарған ұлағатты ұстаз Тілебаев Байсейіт атындағы қазақ тілі мен кабинетін ашу.Кабинет ашылуға өз үлестерін қосып,ішін жабдықтаған Тілебаев Байсейіттің ұрпақтары. Шараға ұстаздың ұрпақтары келіп, мектебімізде қонақ болды.

https://www.facebook.com/share/v/14KvzREZh5B/

Ақпарлама

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де қазан айының 4-і күні Өзін-өзі басқару ұйымы ұйымдастыруымен «Дублер күні» болды. Мақсаты: Оқушылардың болашақ таңдаған мамандықтары бойынша сол салада өзін көру. Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Мамандықтары бойынша білімін, ой-өрісін кеңейту.

https://www.facebook.com/share/v/19XRTy1N9R/

Ақпарлама

13.12.24 күні Тобанияз мектебінде "Аула клубы" үйірмесінің мүшелері және "Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік-тұғырым" атты шара өтті. Мақсаты: Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.
https://www.facebook.com/100033588863722/videos/1023797819763865/

Ақпарлама

“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп” КММ-де Мектеп парламенті Өзін-өзі басқару ұйымы 13.12.2024 күні 5-сынып оқушыларын бірыңғай “Жас ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдады. ”Жас ұлан”ұйымына оқу озаттары 16 оқушы қабылданды.

https://www.facebook.com/share/p/1FF4As2cd4/

Ақпарлама

"Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп "КММ “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында ұйымдастырушы педагог және сынып жетекші Суйшбекова Жанылсын апайдың ұйымдастыруымен және “Өзін-өзі басқару “ұйымымен “Өнегелі~15 минут" өтті.Мектебімізге келген Оңайхан әжеміз білім алушыларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері туралы айтып көрсетті. Мақсаты:Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтауға, насихаттауға тәрбиелеу.Оқушылардың бойына патриоттық құндылық дарыту, үлкенді сыйлауға үйрету.

Ақпарлама

Бүгін 10 қаңтар Қазақстан Республикасының ұландар күніне орай, «Ел ертеңі-бүгінгі жас ұландар» тақырыбында кездесу кеші өтті. Отан алдындағы борышын өтеп келген аулымыздың сарбазы Жандос Ықыласов өзінің әскердегі қызықты сәттерімен бөлісіп, Отан алдындағы борышты өтеу әрбір азаматтың парызы екендігін сезіндірді. Кештің мақсаты: Жас ұрпақты Отанды сүйюге, туған жеріне, мекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.Әдет-ғұрпын, тілін құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол, өз Отанын сүйетін азаматты қалыптастыру, патриотттық сезімге баулу.

https://www.facebook.com/share/1C9DxfVH8n/

Ақпарлама

Ұйымдастырушы педагог Суйшбекова Жанылсын апай " және Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "Ата көрген-оқ жонар, Шеше көрген тон пішер"атты танымдық шара өткізді.

Мақсаты: Ата-ана, мектеп үштіктің бір-бірімен тығыз байланыста болуын насихаттау. Оқушыларды ұмыт болып бара жатқан, тұрмыста қолданылған заттарды жасалу жолын үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге тәрбиелеу.

https://www.facebook.com/share/v/161urxfsTY/

Ақпарлама

“Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы бастау алды. Оның аясында мектеп ұжымы және оқушылар тазалық шараларын ұйымдастырып, сенбілік өткізді. Сыпыру, қоқыстарды жинау, шығару, ағаштардың түптерін қопсыту жұмыстары жасалды.Мақсаты:қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Ақпарлама

Бүгін “Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММ-де көктемнің алғашқы мерекесі-алғыс айту күніне орай,”Өзін-өзі басқару ұйымы” мектеп ұстаздары мен қызметкерлерін құттықтап, шағын мерекелік шара ұйымдастырды.

Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парыз. Алғыс айта білген адам алғыс арқалай алады. Сондықтан күн сайын, тіпті сағат сайын әртүрлі себептерге байланысты бір-бірімізге алғыс айтқанымыз артық болмас. Барша отандастарға шынайы ниетпен алғыс білдіреміз!

Ақпарлама

"Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп"КММ-де қыркүйек айының 4-і күні Өзін-өзі басқару ұйымы және кәсіптік бағыт бағдар беру педагогы А.Азирбаеваның ұйымдастыруымен"Дублер күні"болды . Мақсаты:Оқушылардың болашақ таңдаған мамандықтары бойынша сол салада өзін көру.Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Мамандықтары бойынша білімін, ой-өрісін кеңейту.

https://www.facebook.com/100033588863722/videos/927166512563770/

Ақпарлама

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп "КММ

Ұйымдастырушы педагог Суйшбекова Жанылсын апай мен өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен қөңілді және тиімді үзіліс болды.Мақсаты: Оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлай отырып, сабаққа деген қызығушылығын дамыту және бос уақытын ұтымды пайдалануға тәрбиелеу.

https://www.facebook.com/share/v/14QU1tcrRPo/

Ақпарлама

15.11.2024 күні "Тобанияз атындағы ЖББМ"КММ-де “ Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында “өзін-өзі басқару"ұйымының ұйымдастыруымен 2-4 сынып, 5-7 сынып,8-10 сыныптар аралығында "Алтын күз" атты күзгі бал кеші өтті. Мақсаты: оқушыларды күз мезгілін сезініп, еңбекқорлыққа, өнерлі болуға баулу.

https://www.facebook.com/share/v/16ZZJc6FBV/

Ақпарлама

Мектебіміздің “Өзін-өзі басқару ұйымы” сыныптар аралығындағы “Ең таза кітап” челленджін ұйымдастырды.
Мақсаты:Оқушыларды тазалыққа баулу, оқулықты күтіп ұстауға шақыру.

https://www.facebook.com/share/14QmnuZ7Tqm/

Ақпарлама

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-де 9-11 сынып оқушыларымен "Менің мамандығым" тақырыбында студенттермен кездесу кеші мектеп кәсіптік бағдар беру педагогы Азирбаева Айшаның және "Өзін-өзі басқару"ұйымының ұйымдастырумен өткізілді.Мақсаты:а) Жоғары кәсіптік оқу орындарының студенттерін кездесуге шақыра отырып, оқушыларға мамандық таңдау, оның адам өмірінде алатын орны, маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру.

https://www.facebook.com/share/v/183C9ZKYMG/

Ақпарлама

Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Наурызнама” онкүндігі аясында Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өтті.Мақсаты: Оқушыларға ұлттық спорт түрлерін таныстыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, патриоттық сезімге баулу.

https://www.facebook.com/share/1acHkTMM8Z/

Ақпарлама

6.05.25 күні “Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында “Жас ұлан” ұйымына 5-сынып оқушылары салтанатты түрде қабылданды.Қабылданатын оқушылар «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына өтудің жауапкершілігінің мол екенін сезіне білді. Оның қатарына қабылданған оқушы мектептің қоғамдық жұмысына белсене араласып және сабақтарын үздікке оқып, өз елінің мақтанышы болатын азамат болуына міндеттейтінін сезінді

https://www.facebook.com/share/p/16tjbb3pBG/?mibextid=wwXIfr

.

Хаттама № 1

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ №1

Өткізу күні: 2024 жыл, 19 қыркүйек

Уақыты: 10:00

Өткізілген орны: “Тобанияз атындағы ЖББМ” КММ

Қатысқандар: Мектеп президенті Қондыбай Нұртілекжәне фракция мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өзін-өзі баскару ұйымының жылдық жұмыс жоспарымен танысу

2. Жауапты фракция жетекшілерін бекіту

3. Қыркүйек айындағы іс-шараларды жоспарлау

4. Ұсыныстар мен пікірлер

ТЫҢДАЛДЫ:

Мектеп президенті Қондыбай Нұртілек алдымен 2023-2024 оқу жылындағы парламент жұмысының нәтижелерін айтып,әлі де нақты бірізді жолға түсу үшін жұмыстану керек екендігін ескерте кетті. Әр фракция мүшелері өзі жауапты фракция аясында өтетін іс-шараларға жауакершілікпен қарап,өткізілу формасын қадағалау керек екендігін ескертті. Сондай-ақ, Парламент жұмысының маңыздылығына тоқталып, жыл бойғы жоспардың негізгі бағыттарымен таныстырды. 2024-2025 оқу жылдарындағы аталып өту керек іс-шараларды нақты атап өтті. Жылдық жоспар бірауыздан қолдау тапты.

Қаулы етті.

1. Жылдық Жұмыс жоспары бекітіліп, орындалысы мектеп президенті және фракция мүшелеріне міндеттелсін. Фракция жетекшілері төмендегідей бекітілсін:

Айтуар Бейбіт-11 сынып оқушысы-ақпарат және тәртіп фракциясы

Сейтжанқызы Айкөркем-11 сынып оқушысы-Мәдениет және дебат фракциясы

Құлымбет Санжар-11 сынып оқушысы-құқық және тәртіп фракциясы

Әзберген Нұрсұлтан-11 сынып оқушысы-спорт фракциясы

Ақнияз Сымбат-9 сынып оқушысы-қамқорлық фракциясы

Байғали Ағырыс-9 сынып оқушысы-экология және еңбек фракциясы

Түказибан Зейін--9- сынып оқушысы-білім фракциясы мүшелері болып тағайындалғанын атап өтті.

3. Қыркүйек айында «Тілдер күні», «Отбасы күні», «Мектеп формасы – тәртіп айнасы» акциясы ұйымдастырылсын.

4. Ұсыныстар бойынша келесі отырыста пікір алмасу жалғасады.

Хаттаманы жазған: Ұйым хатшысы – Айтуар Бейбіт

.Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп »

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Өзін – өзі басқару ұйымы жиналысының

№ 2 Хаттамасы

25.11.2024 ж.

1 Пән апталықтары мен сыныптан тыс іс-шаралардың барысы мәдениет және өнер фракциясы
2 Бірінші тоқсандағы жасалған жұмыстардың есебі

Тыңдалды.

1. Бірінші мәселе бойынша ,мектеп президенті Қондыбай Нұртілек мектепте ұйымдастырылатын мәдени-қоғамдық, көпшілік іс-шараларға басшылық жасау, ұйымдастыру және «16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне» салтанатты жиынға концерттік бағдарлама әзірлеуге дайындық жұмыстары , және мектептегі жасөспірімдердің арасындағы буллингтің алдын алу туралы іс-жұмыстарды жоспарлау туралы айтты.

Білім фракциясы мүшесі Тұказибан Зейін «Қызғалдақ» Қыздар ұйымы және «Жігер» ұлдар ұйымының жиналысын жасап, мектеп оқушыларының оқу ісі жөнінде және тәрбие бағытындағы әр түрлі іс-шараларға қатысуға бағыт-бағдар беріп отыру жайлы ұсыныстар айтты.Сондай-ақ,құқық және тәртіп фракциясының мүшесі Құлымбет Санжар жиналыс барысында буллинг жайлы ақпарат беріп, мектеп оқушылары арасындағы буллингтің алдын алу жұмыстарымен таныстырып кету керектігін де айтып өтті.

Қаулы:

Желтоқсан айында әр жауапты фракция мүшелеріне өз жоспарларына сәйкес жұмыс жасау міндеттелсін.

Буллингтің алдын алу жұмыстары құқық және тәртіп фракция мүшесі С.Құлымбетке жүктелсін.

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша,Әр жауапты фракция мүшелерінің атқарған жұмыстары тыңдалды. Алдағы іс-шара жоспары талқыланды.

2024–2025 оқу жылындағы Өзін-өзі басқару ұйымының I тоқсан бойынша есебі

1. Ұйым жұмысының құрылымын бекіту:

- Қыркүйек айында алғашқы отырыс өткізіліп, ұйымның жылдық жоспары бекітілді.

- Фракция жетекшілері тағайындалды:

-ақпарат және тәртіп фракциясы

-Мәдениет және дебат фракциясы

-құқық және тәртіп фракциясы

-спорт фракциясы

қамкорлық фракциясы

экология және еңбек фракциясы

білім фракциясы

2. Аткарылған іс-шаралар:

Қыркүйек:

- «Білім күні» аясында алғашқы сап түзелу мен мерекелік жиын ұйымдастырылды.

- «Тілдер күніне» орай апталық өтті: қабырға газеттері, өлең оқу, тіл туралы эссе байқауы.

- «Отбасы — алтын діңгек» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтті.

Қазан:

- «Ұстаздар күніне» орай құттықтау флешмоб, ашық хаттар көрмесі ұйымдастырылды.- «Мектеп формасы – тәртіп айнасы» акциясы жүргізіліп, тәртіп сақтау жұмыстары күшейтілді.

- Спорттық эстафета өткізілді..

. Ақпараттық жұмыс:

- Мектептің әлеуметтік желісінде тұрақты жаңалықтар жарияланып отырды.

- Көтерілген мәселелер бойынша сыныптарда пікір алмасу сағаттары өткізілді.

4. Қорытынды:

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың өмір қауіпсіздігі шараларын сақтауы мен сабаққа қатысуы жайы сөз болды.

Мектепішілік олимпиадаларға тиянақты дайындалу қажеттігі түсіндірілді.

Ш е ш і м :

1. Мектепішілік іс-шараларға дайындық барысын қадағалау Мәдениет министрлеріне жүктелсін. Әлеуметтік желіде жариялау қолға алынсын
2. ӨӨБҰ есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Сақтық шараларын сақтау баршаға міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы: Қондыбай Нұртілек

Хатшы: Айтуар Бейбіт

«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Оқушылардың Өзін-өзі басқару парламенттік кеңесі

20.12.2024 ж

Хаттамасы № 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. « Жаңа жыл» мерекесін өткізу мен қысқы демалыс күндеріндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы

Тыңдалды:

ДТІЖО А.Аманбаева « Жаңа жыл» мерекесі мен қысқы демалыс күндеріндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы айтып түсіндірді.

Балалардың өмірі ең қымбат казына, сондықтан мектепте мұғалімдер болса , ал үйде ата-аналары жауапты болып саналады.

«Жаңа жыл-2024» мерекесін ұйымдастыру және өмір және техника қауіпсіздігін сақтау. Шетелдік пиротехникалар адам өміріне өте қауіпті, ол туралы күнде теледидарда да айтып, жарнамаларда көрсетіп жатыр, жаңа өздеріңкөрген бейне роликтегі жағдай қайталанбас үшін өздеріңе түсіндіріп жатырмын. Пиротехникалар сапасыз, тұтанбай қалып, қозғаған кезде жарылып кетіп, жаракат алып жатады.

Сынып жетекші ескертеді:

- мереке күндері және демалыс күндерінде сыныпаралық «Жаңа жыл» мерекесін ұйымдастырмау және отырыс жасамау

- сағат 22^{00}-нан кейін көшеде жүрмеу және жеңіл автокөліктерді жүргізуге тыйым салу

- мереке күндері және демалыс кезінде жазатайым жағдайға ұшырамау үшін жол, өрт және техника қауіпсіздігін сақтау .

Шешім:

1.Оқушыларға өмір қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізсін

2.Мектеп парламенті жаңа жыл мерекесін жетекшілері :Асылбекова А. жетекшілері арқылы мектеп оқушыларымен қызықты кеш ұйымдастырсын.

3.Қауіпсіздік ережелері қатаң сақталуы мектеп инспекторына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: Жондыбай Н.

Хатшы: Алтуар Б.



ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ (МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ) ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізу күні: 2025 жыл, 6 мамыр

Уақыты: 10:00

Қатысқандар: 13

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жылдық жоспардың орындалу барысын талдау

2. 11-сынып оқушыларын соңғы қоңырауға дайындау .

3. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы ұсыныстар .

4. Сыныптар арасындағы үздіктерді марапаттау мәселесі

5. Ұсыныстар мен пікірлер

ТЫҢДАЛДЫ:

Мектеп президенті Қ. Нұртілек 2024–2025 оқу жылының 3-тоқсаны мен сәуір айында атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Барлық фракция өз бағыттары бойынша есеп берді.

Қаулы:

- Соңғы қоңырау мерекесін жоғары деңгейде өткізу бойынша сценарий әзірленсін.

- 11-сынып оқушыларына арналған қоштасу кешіне жауапты топ құрылсын.

- Жазғы демалыс уақытында оқушыларға арналған «Жаз қызығы» атты шығармашылық және спорттық жобалар ұйымдастыру ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы: А.Аманбаева

Хатшы: А.Асылбекова